

**Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі психологының ІІІ тоқсан бойынша есебі
2024–2025 оқу жылы**

Есеп беру кезеңі: 3-тоқсан (қаңтар – наурыз)

Психолог: Р.Абдукаримова, А.Жаксыбаева

Лауазымы: Мектеп педагог-психологы

Хаттама: №3

Күні: 21.03.2024ж.

I. Жалпы ақпарат:

- Оқушылар саны: 5-11 сыныптар - 2435
- Қамтылған оқушылар саны: 2389
- Ата-аналармен жұмыс: мысалы: 39 ата-ана
- Мұғалімдермен жұмыс: мысалы: 28 педагог

II. Атқарылған негізгі жұмыстар

1. Диагностикалық жұмыстар:

- 9, 11-сыныптар арасында кәсіби бағдар тесттері жалғастырылды
- 5–11 сынып оқушылары арасында психикалық саулығын бағалау (М.Ковач сауалнамасы)

2. Түзету-дамыту жұмыстары:

- "Өз-өзіне сенімділік" тренингтері (7–9 сынып)

Мақсаты: жасөспірімдердің өзін-өзі тануына, бағалауына және сенімді әрекет етуіне көмектесу. Бұл жас кезеңі — тұлғалық дамудың маңызды сатысы, сондықтан сенімділікке бағытталған тренингтер өте өзекті.

7-9 сыныптар





- Эмоциялық күйі тұрақсыз оқушылармен жеке жұмыстар (10 оқушымен жүйелі түзету сабақтары жүргізілді)

3. Кеңес беру қызметі:

- Оқушыларға кеңес: 158 оқушы
- Ата-аналарға кеңес: 37
- Мұғалімдермен жеке сұхбаттар: 42 педагог

4. Профилактикалық шаралар мен тренингтер:

- "Өз эмоцияңды басқар" – психологиялық сағаттар

Мақсаты: оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту, яғни өз эмоцияларын тану, түсіну және оларды дұрыс басқаруға үйрету.

- «Лудомания – ғасыр дерті» 7-сынып оқушылары

Мақсаты: Ойынқұмарлықтың адамның өмірін бұзып, психикалық және физикалық денсаулығына әсер етуі туралы мағлұмат беру, тәуелділік туралы ақпарат беріп, зардабымен таныстыру.



- «Әр бала қатігездіксіз және зорлық - зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» іс-шарасы 5-11 сыныптар

Мақсаты: баланы оның денсаулығына зиян келтіретін ақпараттың, насихатпен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға қоғамның назарын аудару болып табылады. Күтілетін нәтиже, оқушылар өмір ұғымын түсіне отырып, өмірде кездесетін жағдайларды саралап, қабылдай біледі, сонымен қатар бұқаралық ақпараттық құралдарының балаға әлеуметтік желілерден келетін зиянды ақпараттардың теріс ықпалынан қорғау мәселелерінде ынтымақтастықты дамытуға себеп болады, оқушылардың өздері пайдаланып жүрген әлеуметтік және интернет желілерді пайдалануы бойынша зияны мен мүмкіндіктерін де танып біледі, жалпы өздерінде бар түсініктерін толықтыруға мүмкіндіктер алады.

- «Зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Ерте жүктілік» тақырыбында дөңгелек үстел (8-10 сыныптар)

Мақсаты: Баланы оның денсаулығына зиян келтіретін ақпараттың, насихатпен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға қоғамның назарын аудару болып табылады. Оқушыларға жеке даму

барысында кездесетін зорлық-зомбылық түрлерімен таныстыру. Зорлық-зомбылық көрген жағдайда кімдерге хабарласу керектігін хабардар ету.



- «Емтихан кезіндегі стрестен қалай арылуға болады?» тренингі
Мақсаты: Стресс жағдайынан пайда болған үрейді жеңудің негізгі әдістерін қолдана отырып оқушылардың бойындағы стрестен, үрейден арылту.



- "Қауіпсіз интернет" – ақпараттық түсіндіру жұмыстар
Мақсаты: интернет желісін қауіпсіз әрі саналы түрде пайдалануға дағдыландыру, интернеттегі қауіптерден қорғану жолдарын үйрету және кибермәдениетті қалыптастыру. Толығырақ айтқанда, бұл жұмыстың негізгі мақсаттары:
 1. **Балалар мен жастарды** интернеттегі зиянды контенттен, алаяқтық пен кибербуллингтен қорғау;
 2. **Ата-аналар мен мұғалімдердің** сандық сауаттылығын арттыру арқылы балалардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесу;
 3. **Интернет қолдану мәдениетін** қалыптастыру: этика, әдеп, жауапкершілік;
 4. **Цифрлық гигиена мен киберқауіпсіздік** ережелерін насихаттау – мысалы, мықты құпиясөз орнату, жеке мәліметтерді жарияламау, күдікті сілтемелерге өтпеу;
 5. **Жағымсыз жағдайлар орын алғанда** қайда және кімге жүгінуге болатыны туралы ақпарат беру.
- «Ғажайып әлем» атты әлеуметтік-психологиялық апталық, қайырымдылық акциясы
Апталықтың мақсаты: Мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынасын нығайту, өзара жағымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ақыл-ойын дамыту, ортада өзін еркін ұстауға және өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Мектеп психологтері таңертеңгі көтеріңкі көңіл-күймен, ыстық лебіздерімен ұстаздар мен оқушыларды қарсы алды.

Бірінші және екінші ауысымның үлкен үзілісінде оқушылармен көңілді үзіліс, сергіту жаттығулары жүргізілді. Ұстаздар мен оқушылар ерекше сезімге бөленіп, жылы лебіздерін білдірді.



Қайырымдылық акциясы мақсаты: қоғамдағы мейірімділік, жанашырлық, көмектесу секілді адамгершілік құндылықтарды насихаттау және көмекке мұқтаж адамдарға нақты қолдау көрсету.



III. Талдау және ұсыныстар:

- Диагностика нәтижесінде 7% оқушыда мазасыздық деңгейі орташа көрсетілді, арнайы жұмыс жалғасуда.
- Ата-аналармен байланыс артып келеді, бірақ әлі де жүйелілік қажет.
- Мұғалімдер тарапынан психологиялық көмек сұрау деңгейі өсті – бұл сенімнің нығайғанын көрсетеді.

Ұсыныстар:

- 4-тоқсанда бейінді сыныптармен кәсіби бағдар бойынша нақты бағыттар белгілеу
- Ата-аналарға арналған психологиялық ағарту жұмыстарының жиілігін арттыру

5. Қорытынды:

- 3-тоқсан бойынша мектеп психологының жұмысы жоспарға сай орындалды. Алдағы уақытта қиын мінез-құлықты, мотивациясы төмен оқушылармен жұмыс жалғасып, профилактикалық шаралар саны арттырылады. Ата-аналар мен педагогтар арасындағы байланыс нығайтылуы қажет.

Психолог:

Р.Абдукаримова

А.Жаксыбаева